

ӘОЖ 94(574)

АБАЙТАНУ ІЛІМІ НЕГІЗІНІҢ ҚАЛАНУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

Ишмухаммедова Улболсын Тобышбаевна

87752969352u@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультеті, Қазақстан тарихы кафедрасы,

Тарих мамандығының 2 курс магистранты

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші - т.ғ.к., доцент Н.Е.Сайлаубаева

Қазіргі таңда Абайды тануда ақынның әдеби шығармашылық мұрасын өскелең ұрпаққа кеңінен насихаттау аса қажет. Өйткені, Абайдың туындыларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелері қозғалды. Сондықтан Абай Құнанбайұлының асыл мұрасын ұрпақ бойына дарыту керек.

Абай Құнанбайұлын таныту Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатұлынан бастау алады. Ақынның көзі тірісінде 1903 жылы Санкт-Петербургте Бөкейханов берген мағлұматтар бойынша басылған «Ресей. Біздің Отанымыздың географиялық баяны» атты көп томдық жинақтың 18-кітабында А.Сидельников жазған мақалада: «Абай – қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттың өкілі» деген баға берілгенін байқауға болады.

Ақынның шығармалары жеке кітап болып басылғанға дейін-ақ халық арасына қолжазба түрінде және ауызша тараған болатын. Мәселен Ахмет Байтұрсынов ақын өлеңдерімен 1903 жылы қолжазба арқылы танысқанын айтады. Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласында «Одан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» [1] – деп Абайды аса жоғары бағалаған.

Ақын шығармаларын жинап, қағазға түсіріп, реттеп баспаға дайындау ісі ақын қайтыс болған соң ұзамай-ақ қолға алынғанын айқындайтын нақтылы айғақтар бар. Атап айқанда, 1909 жылы Санкт-Петербургте басылған Абай өлеңдерінің жинағында ақынның жүз қырықтай өлеңі (аударма өлеңдерін қосып санағанда) мен [«Ескендір»](#), [«Масғұт»](#) [поэмалары](#) басылған болатын.

Абайдың алғашқы жинағын дайындаған, бастырып шығарған Кәкітай Ысқақұлы мен Абайдың баласы Тұрағыл екен. Абайтанудың бастау көзі ретінде осы 1909 жылы жарық көрген Абай шығармаларының тұңғыш жинағын, оған кірген Кәкітай жазған ақынның тұңғыш өмірбаянын айтуға болады. Абайдың көзі тірісінде біраз ғана шығармалары жарық көргені белгілі. Ақынның өз қолжазбалары сақталмай, шығармалары түгелдей

дерлік Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбалары арқылы жеткені де мәлім. Ақынның шығармалары туралы алғашқы жинақтың танымы ерекше. Мәскеуде 1914 жылы жарық көрген «Восточный сборник» атты кітапта Абайдың өмірі мен шығармалары жайында мәліметтер келтіріліп, бірнеше өлеңінің мазмұны орыс тілінде қара сөзбен берілген болатын. 1914 жылы Санкт-Петербургте шыққан «По киргизской степи» деген кітабында Дмитрий Львович «Татьяна хаты» ел ішінде әнге салып айтылып жүргені айтылады.

Сонымен қатар Самат Әбішұлы Орынборда 1916 жылы [«Абай термесі»](#) атты бастырып шығарған болатын. Сондай-ақ 1922 жылы Ташкентте, Қазанда басылған жинақтарда бұрын жарияланған шығармалары енген. Ташкентте шыққан жинаққа сын пікірін білдірген Ілияс Жансүгіров 1923 жылы «Тілші» газетінде «Абай кітабы» атты мақала жазды. Онда автор бір алуан қате басылған сөздерді қалай дұрыстап оқу қажеттігін айтады.

Абайды тануда Ахмет Байтұрсыновты 1913 жылы жарияланған «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласы ұлы ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы алатын орнын анықтап, өнерпаздық өзгешелігін, шынайы шеберлігін, ғұламалығын, ойшылдығын айқын көрсетті.

Абай шығармашылығын танытуда 1933 жылы Мұхтар Омарханұлы Әуезов бастырған жинақты айтамыз. Бұдан әрі 1934 жылы жарық көрген Ілияс Жансүгіров, Ахмет Жұбанов сынды белгілі әдебиет, ғылым қайраткерлерінің мақалалары әсерін тигізді.

Мұхтар Әуезов Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерді. Бұл орайда [«Абай жолы»](#) эпопеясын айтамыз. Заңғар жазушы [«Абай жолы»](#) эпопеясы арқылы Абайдың ұлылығын әлемге танытты. Оның Абай жөніндегі зерттеулері осы ғылымның негізі қазығы болып табылады. 1933-1957 жылдары аралығында ақын шығармаларын жариялауда, олардың ғылыми басылымын жасауда үлкен үлес қосты. Бұл басылымдардың барлығы ақынның 1909 [жылғы](#) жинағы мен Мүрсейіт қолжазбалары барысында жасалғаны белгілі. 1957 жылы Мұхтар Әуезовтің басшылығымен [«Ғылым» баспасынан](#) жарық көрген, және тікелей өзінің қатысуымен дайындалған Абай шығармаларының екі томдық толық жинағын атауға болады. Мұхтар Әуезовтің ұзақ жылдар бойғы ізденісінің арқасында түрлі деректерді зерделеп, оларды жүйеге келтірді. Осылайша Абайдың ғылыми өмірбаянын жазып шыққан болатын [2].

XX ғасырдың 40-60-жылдарында Абай өмірі мен шығармашылығын зерттеу ісі ауқымды жүргізілді. Абайдың қоғамдық, эстетикалық, философиялық тұрғыдағы көзқарасын, психологиялық және педагогикалық пайымды пікірлерін, ақындық шебер тілін, кең композиторлық өнерін, алуан аудармаларын зерделеген еңбектер шықты. Атап айтқанда, С.Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Б.Кенжебаев, М.С.Сильченко, Қ.Мұқамедханов, Ы.Дүйсенбаев, Т.Тәжібаев, Б.Г.Ерзакович, Х.Сүйіншәлиев тәрізді ғалымдар еңбектер шығарды.

Абайдың туғанына 125 жыл толуына орай 1970 жылы шығармаларының жинағын шет тілдерде кітап етіп бастыру ісі жүзеге асты. Абай шығармалары орыс тілінде 1940 жылдан бастап он бес рет жеке кітап болып басылды. 1945-1960 жылдардың басында Абай шығармалары жеке жинақ болып өзбек (Ташкент), татар (Қазан), түркімен (Ашғабад), қырғыз (Бішкек), моңғол (Ұланбатор), қытай (Пекин), чех (Прага) тілдерінде басылды. 1970 жылы украин (Киев), армян (Ереван), беларусь (Минск), молдаван (Кишнев) және латыш (Рига) тілінде шықты. Осы жылы Мәскеуде «Прогресс» баспасында араб, ағылшын шығармаларының жинағы шықты.

Абайдың өмірі мен шығармалары туралы зерттеу еңбектер, монографиялар, диссертациялар бар. Олар Абайтанудың түрлі мәселелерін қамтыған көп салалы ғылым болып қалыптасқанын көреміз. Абайдың өмір жолын жан-жақты зерттеу, оның шығармашылық жолының халықтық негіздерін ашу, ұлттық сипатын айқындау, лирикалық шығармаларының, дастандары мен қара сөздерінің тақырыптық, идеялық, жанрлық, тілдік ерекшеліктерін айқындау, ақындық тұлғасын, суреткерлік әдісін, көркемдік шеберлігін тереңдеп ашып көрсету керек. Ақынның дүниетанымын, қоғамдық, философиялық, эстетикалық көзқарастарын зерттеу әлі де алдыда тұр. Абайдың шығыс, орыс, еуропа әдебиетімен шығармашылық байланысы, ақын шәкірттері, өнерпаздық өзгешілігі қазақ әдебиетінде өміршең болып табылады.

Соңғы жылдарда Абай шығармаларын Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов тәрізді әдебиетіміздің ірі өкілдерімен сабақтастыра зерделеуге мүмкіндік туды. Бұл ақынның 150 жылдық мерекесі қарсаңында жарық көрген еңбектерден білеміз. Осы мереке тұсында басылып шыққан еңбектер Абайтанудың ғылыми-теориялық деңгейі бұрынғыдан да биіктей түсуіне үлес қосты.

1995 жылы жарық көрген [«Абай» энциклопедиясында](#) ұлы ақынның өмірі мен шығармашылық жолына қатысты бірқатар деректер, құнды дүниелер жүйелі түрде берілді. Абай шығармаларының ғылыми толық жинағы басылып шықты. Атап айтқанда, Р.Сыздықова, Т.Әлімқұлов, А.Нұрқатов, М.Мырзахметов, Ж.Ысмағұлов, З.Ахметов, З.Қабдолов, Ғ.Есім, Т.Қожакеев, Ғ.Мұқанов және басқа да ғалымдардың зерттеулері Абайтану ғылымына қосқан еңбектер болып табылады.

Абай шығармаларын жариялауға және оны зерттеу ісіне шет елдерде де ерекше қолға алынуда. Әсіресе, Қытайда профессоры Қабайдың «Абай және Абай шығармашылығы» атты еңбегі Пекинде 1987 жылы шықты. Бұдан әрі Су Чжоусюннің зерттеу еңбегі мен Абайдың қара сөздерінің аудармасын айтуға болады. Сонымен бірге Чех ғалымы П.Гржебичек Абайдың ақындық жолын зерттеген болатын.

1995 жылы ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы барысында шет елдердің көптеген әдебиетшілері, қоғам қайраткерлері Абай шығармалары жайлы көптеген мақалалар, баяндамалар жасады. Ұлы ақынға арналған салтанатты мәжілістер мен ғылыми конференциялар Парижде, Түркия қалаларында, Мәскеуде, Санкт-Петербургте, Киевте, Минскіде, Вильнюсте, Ташкентте, Бішкекте, Қазанда өтті. Сондай-ақ Абай шығармалары Түркияда, Пәкстанда, Иранда, Қытайда басылды, француз, ағылшын, неміс және басқа тілдерге аударылған болатын.

Абайтану тарихы 1989 жылы бастау алып, қазақ әдебиетінде 50-жылдары кеңінен өрбіді. Бұл мәселені алғашқы ең алдымен Мұхтар Әуезовтің, сонымен бірге Сәбит Мұқанов, Қажым Жұмалиев, Есмағамбет [Самұратұлы](#), [Ысмайылов](#), [Митрофан Семенович Сильченко](#), Әбіш Мұсылманқұлұлы, [Жиреншин](#) еңбектерінде зерделенді. Академик Қ.Жұмалиевтің жетекшілігімен осы тақырыпқа «Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасының зерттелу жайы» деп аталатын кандидаттық диссертация қорғалып, ақын мұрасы туралы жазылған еңбектердің тұңғыш библиографиялық көрсеткіші 1965 жылы «Абай Құнанбаев» деген атпен шықты. М.Мырзахметұлының 1989 жылы Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары [3], 1994 жылы «Абайтану тарихы» деген тақырыпта монографиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары шықты [4]. Абайтанудың негізін салушы Әуезов дәуірін аяқтап, 1965-1995 жылдар алығандағы Абайтану тарихын жазу міндеті алға шыққаны белгілі. Абайтану саласындағы ақтандақтар қатпары жазылып, бұрын назардан тыс қалған мақалалар мен зерттеулер арнайы топтастырылған жинақ «Абайды оқы, таңырқа» деген атпен оқырман қолына тиген болатын [5].

Абай тарихы еліміздің жоғары оқу орындарында 1966 жылдан бастап арнайы курс ретінде оқытыла бастады. Абайтану тарихы бүгінгі күнде қарқынды дамып, өсу, өркендеу жолында жалғасып келе жатыр. Абайтанудың іргелі саласының біріне айналды. Абайтану жөніндегі пайымды ой-пікірлер арнайы түрде зерттеу нысанасына алынбаса да зерттеушілер тарапынан Абай мұрасының бір саласын зерттеу үстінде жанама түрде айтылса, екіншілері оған арнайы тоқталып пікір айтса, үшіншілері Абайтану саласының жалпы қалыптасу жолына орай қарастырса, соңғылары Абай мұрасының жариялану тарихына орай пікір қозғаған болатын.

Абайтанудың негізін салушы Әуезов болса Абайтану жөніндегі ой-пікірін елуінші жылдар ішінде Абайтанудан оқыған дәрістерінде айтыла бастады. Абайтанудың Мұхтар Әуезовтен кейінгі дәуірдегі даму жолы 1995 жылғы Абайдың 150 жылдық мерейтойы мен Мұхтар Әуезовтің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында жарияланған ғылыми монографиялық зерттеулер мен әр түрлі тақырыптарға жазылған кітаптарда барынша берілді. Міне, жүз жылдан астам уақыт бойы Абайтану тарихи ғылыми-зерттеу жұмыстарының басты нысанасына айналды.

Биыл қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы 2020 жылы аталып өтілді. 2019 жылдың мамырында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Абай Құнанбайұлының мерейтойын жоғары деңгейде мерекелеу туралы жарлыққа қол қойған болатын. Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. Бұдан бөлек, мерейтойдың жалпы республикалық жоспары бекітілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» тақырыбындағы мақаласында «Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлендері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды» деп жазды [6].

Абайтану мәселесі толассыз тоқтамайтын тақырып. Сондықтан Абайтану ілімі өміршең өзекті десек артық айтқандық емес. 1989 жылдан бастау алған Абайтану ауқымды құлаш жайып, өміршең өзекті тақырыпқа айналып отыр.

Қолдалынған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. -Алматы: Жазушы, 1988. -267 б.
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы.-Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 ж.
- 3.Мырзахметов М., Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары, А., 1989.
4. Мырзахметов М Абайтану тарихы, А., 1994.
5. Мырзахметов М. Абайды оқы, таңырқа.Алматы: Ана тілі, 1993.11 б.
6. Тоқаев Қ.К.Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан.//Егемен Қазақстан. 9 қаңтар, 2020 ж.